

Сабақтың тақырыбы: Ежелгі Грекияның гимназия, лицей, академиялары нені үйретті.

Сабақ негізделген оқу

мақсаты:

5.2.4.2 – ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау;

5.2.4.1– ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін сипаттау;

5.1.2.1-ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау;

Сабақтың мақсаттары:

Ғылымдардың пайда болуы, дамуы туралы және оның шаруашылық іс-әрекеттегі ықпалына тигізген әсерін біледі.

Ежелгі қоғамдағы қалыптасқан жазу рөлі туралы біледі;

Ежелгі қоғамның дамуындағы әлеуметтік ұйым туралы білім қалыптасады.

Сейилханова Нуршат
Саришановна
Маңғыстау облысы.
Бейнеу ауданы.
Сарға селосы.
«Бейнеу мектеп-интернаты»
КММ-нің тарих пәнінің
мұғалімі.

Бағалау

критерийлері:

Ғылымдардың қалыптасуы мен дамуына қоғамдағы өзгерістердің тигізген ықпалын сипаттайды;
Ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін сипаттайды,

Ойлау дағдыларының деңгейлері

Білу, түсіну

Құндылықтарға баулу

*-Қарым-қатынас мәдениеті
-Өзгелердің көзқарасына құрметпен
қарау*

Пәнаралық байланыс

Әдебиет, география

Тілдік мақсат

*Гимназия, Академия, Лицей, Палестра
тыңдалым, айтылым, жазылым*

**Сабақтың
басы**

**I. Ұйымдастыру бөлімі: «Өзі туралы кластер» тренингі.
«Сиқырлы конверт» әдісі арқылы сыныпты топқа бөлу.
Ой қозғау арқылы үй жұмысына шолу.
Суреттер арқылы жаңа тақырыпты ашу.**

**Сабақтың
ортасы**

**Жаңа тақырыппен таныстырып, түсінік қалыптастыру.
«Айнымалы бекеттер» әдісін қолдану.
«Дәлелде, түсіндір» стратегиясын қолдану арқылы жұптық
жұмыс орнату.
Венн диаграммасымен жұмыс жүргізу.**

**Сабақтың
соңы**

**Бағалау: «плюс, минус, қызықты» кестесі арқылы
оқушылардың алған білімдері бағаланады.
Рефлексия: «Білім ағашы» стикерлер жабыстыру.
Сары түс-түсіндім
жасыл түс-түсінбедім**

Саралау

Топтық, жұптық жұмыс арқылы оқушыға өзара қолдау көмек көрсету жүзеге асырлады. Ежелгі Грекиядағы жазудың пайда болуымен мектептермен таныстыру. Оқушыларға топпен, жұптық, венн диаграммасы әдіс- тәсілдер арқылы тапсырмалары беріледі.

Бағалау

- 1.Оқушылардың сабаққа дайындау мақсатында психологиялық ахуал «Өзі туралы кластер» тренингін өткізу.
2. Топтық жұмыс арқылы оқушылардың бірлескен әрекетін бақылау, өзара мадақтау.
- 3.Жұптық жұмыс, дайын жазылған үлгі бойынша.
- 4.Әр оқушының оқу мақсатына жеткендігін анықтау үшін бағалау критерийлері мен дескрипторлар қолдану.
5. «плюс,минус,қызықты» кестесі арқылы оқушылардың алған білімдері бағаланады. Рефлексия жасалады.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері, денсаулық, АКТ-мен байланыс.

**Қауіпсіздік сақталды.
АКТ-мен байланыс орнатылды.**